

**«№81 Astana English School халықаралық
мамандандырылған гимназиясы»
14.11.22- 25.11.22 ж аралығында өткен 2-сыныптар бойынша
әдістемелік онкүндіктің анықтамасы**

14.11.2022- 25.11.2022ж аралығында гимназияда «РҮР бағдарламасы теориядан практикаға» тақырыбында бастауыш сыныптар онкүндігі болып өтті.

Онкүндікте бекітілген жоспар бойынша 2-сынып мұғалімдері сыныптан тыс іс-шараларын, сайыс сабақтарын, пәндік олимпиадаларын өткізді.

01.11.22 күні мектеп акт залында «РҮР бағдарламасы теориядан практикаға» тақырыбында бастауыш сынып мұғалімдерінің арасында семинар өтті.

Семинардың мақсаты осы оқу жылында РҮР бағдарламасын сабақта тиімді қолдану, РҮР бағдарламасының тиімді жақтары, сабақта қолданылатын дағдылар, негізгі концепциялар, пәнаралық зерттеулерді тәжірибе барысында көрсету, бөлісу. Семинарда Курманалиева Ф.А. «РҮР-да оқушылардың оқудағы бірдей мүмкіндіктері» тақырыбында оқушылардың бірдей мүмкіндіктері жайында айтып өтті. Мектепке балалардың білімдері, қызығушылықтары, тұлғалық ерекшеліктері мен қабілеттері әртүрлі болып келеді. Әрбір оқушы бірегей тұлға, сондықтан біздің сабақтарымызды стандарттау, біркелкі етіп жасау, өткізу мүмкін емес. РҮР бағдарламасында жалпы инклюзив балалардың бірдей ортада, өз мүмкіндіктері бойынша білім алу керектігін атап көрсетеді. РҮР ұсынатын құралдардың бірі оқуға арналған әмбебап дизайн (UDL) арқылы жоспарлау және оқыту. UDL – 1990 жылдары CAST ұсынған зерттеуге негізделген тәсіл. Ол тапсырманың әрбір оқушы ерекшелігін ескере отырып, барлық оқушыларға сай болуы керек екенін атап көрсетеді. РҮР сыныбында бұл мақсатты түрде жоспарланған тапсырмалар арқылы жүзеге асырылады, балалардың бір-бірінен ілгерілеуіне және үйренуіне мүмкіндіктер жасайды, сонымен қатар мұғалімдерге әртүрлі деңгейдегі оқушыларды тануға, олармен жеке жұмыс жасауға мүмкіндік береді. Семинар барысында топтық жұмыстар, оқу үдерісінде саралау тәсілдерін тиімді қолдану, гендерлік ерекшеліктері бойынша топтастырып отырғызу, деңгейлік тапсырмалар бойынша топтастыру жұмыстары көрсетілді.





14.11- 17.11 аралығында 2-сыныптар арасында «Мен оқуға құштармын» атты 4 кезеңнен тұратын сайыс өткізілді.

1. «Өнер алды» ертегіні жатқа айту
2. «Ойлан, тап!» оқыған ертегісі бойынша тест
3. «Ұшқыр қиял» тақырып таңдау арқылы ертегі құрастыру
4. «Жүзден жүйрік» ертегіні жалғастыру

14- қараша күні «Өнер алды» ертегіні жатқа айту кезеңі болып өтті. Бұл кезеңде берілген 15 ертегіні жатқа айту керек. Әділ қазы кез- келген ертегі тақырыбын айтады, қатысушы оқушы сол ертегіні жатқа, мәнерлеп айтып беру керек. Сайыс нәтижесі төмендегідей болды.

Рс	Оқушылардың аты-жөні	Сыныбы	Ұпайы	Орны	Сынып жетекшісі
1	Торбебеков Амирхан	2 А	13	III	Курманалиева Ф.А.
2	Батырбаев Ислам	2 Ә	14	II	Салимбаева С.К.
3	Әділхан аяла	2 Б	17	I	Айдарбекова С.А.
4	Қайрат Амира	2 В	17	I	Кожаметова И.И.
5	Мейрманов Арнұр	2 Г	15	II	Сәтбай А.С.
6	Боранбай Алинұр	2 Д	13	III	Бабакай С.М.

15-қараша күні «Ойлан, тап!» оқыған ертегісі бойынша тест тапсыру кезеңі болды. Оқушылар оқыған 15 ертегісі бойынша тест тапсырды. Сайыс қызықты өтті. Сайыс нәтижесі төмендегідей болды.

Рс	Оқушылардың аты-жөні	Сыныбы	Орны	Сынып жетекшісі
1	Қайыржан Арсен	2 А	Грамота	Курманалиева Ф.А.
2	Досанова Жамиля	2 Ә	І	Салимбаева С.К.
3	Дюсеков Кәрім	2 Б	Грамота	Айдарбекова С.А.
4	Рүстем Сартай	2 В	ІІ	Кожяхметова И.И.
5	Арданұлы Естай	2 Г	ІІІ	Сәтбай А.С.
6	Тельман Амина	2 Д	ІІІ	Бабакай С.М.

16-қараша күні «Ұшқыр қиял» тақырып таңдау арқылы ертегі құрастыру кезеңі болды. Бұл кезеңде оқушыларға тақырып беріледі. Сол тақырып бойынша ертегі құрастырып жазу керек. Ертегі жазу барысында оқушының сөз саптауы, сөйлемдердің байланысуы, мәтін әңгіме емес ертегі болып құрастырылуы ескерілді. Соларды ескере отырып, оқушыларымыз төмендегідей нәтиже көрсетті.

Рс	Оқушылардың аты-жөні	Сыныбы	Орны	Сынып жетекшісі
1	Қалибек Ералы	2 А	ІІІ	Курманалиева Ф.А.
2	Иманали Диар	2 Ә	Грамота	Салимбаева С.К.
3	Қаһарман Кәусар	2 Б	І	Айдарбекова С.А.
4	Қазбек Алимхан	2 В	Грамота	Кожяхметова И.И.
5	Исмагулова Айдария	2 Г	ІІ	Сәтбай А.С.
6	Азаматқызы Мерей	2 Д	Грамота	Бабакай С.М.

17-қараша күні «Жүзден жүйрік» ертегіні жалғастыру кезеңі өтті. Бұл кезеңде оқушылар оқыған 15 ертегісі бойынша ертегіні жалғастырып айту керек. Ортаға екі оқушы шығып, біріншісі бастаса екіншісі тоқтаған жерден ары қарай жалғастыру керек. Оқушылар сайысқа белсене қатысып, төмендегідей нәтиже көрсетті.

Рс	Оқушылардың аты-жөні	Сыныбы	Орны	Сынып жетекшісі
1	Асқар Дәулет	2 А	ІІ	Курманалиева Ф.А.
2	Көкенай Амина	2 Ә	І	Салимбаева С.К.
3	Керім Айдана	2 Б	ІІІ	Айдарбекова С.А.
4	Айтпай Жания	2 В	ІІ	Кожяхметова И.И.
5	Сапар Әмірхан	2 Г	І	Сәтбай А.С.
6	Дастанқызы Диляра	2 Д	ІІІ	Бабакай С.М.



«Мен оқуға құштармын» атты сайыстың марапаттау сәті.

18-қараша күні 2- сыныптар арасында «Ойлай білу- өнер» интеллектуалдық ойыны өтті. Бұл сайысты өткізуге Салимбаева С.К, Қожахметова И.И жауапты болды. Сайыс тартысты, қызықты өтті, оқушылар белсене қатысты. Сайыс жоспары жүйелі құрылған. РҮР элементтері қолданылды. Сайыста барлық пәндер қамтылған. Бұл сайыстың ерекшелігі әр сыныптан екі оқушыдан алынып, екі топқа бөлінуі. Сайыс 6 кезеңнен тұрды.

1. Сұрақ- жауап (қызықты, заманауи сұрақтарға жауап беру)
2. Пирамида (белгісіз санды табу)
3. Артықшылығын тап! (берілген сурет бойынша 10 артықшылықты табу)
4. Сөз ойла- көп ойла (берілген сөздің әрбір әрпінен сөз жазу)
5. Есте сақта! (берілген суретке мұқият 30сек қарап шығу, топта талдау. Көрген суретін есте сақтап топпен салып шығу)
6. Не салынды? (топ оқушылары қатар тізіліп тұрады, соңғы оқушы ғана суретті көреді, сол суретті алдында тұрған оқушының арқасындағы қағазға салып шығады)



21. 11 – 23.11 аралығында 2- сыныптар арасында мектепшілік пәндік олимпиада болып өтті. Математика, қазақ тілі- әдебиеттік оқу, дүниетану, жаратылыстану пәндері қамтылды. Әр сыныптан әр пәнге бір оқушыдан қатысты. Оқушылар өздерінің білім деңгейін көрсете білді. Пәндер бойынша олимпиада нәтижесі төмендегідей.

Математика пәні бойынша

Рс	Оқушылардың аты-жөні	Сыныбы	Ұпайы	Орны	Сынып жетекшісі
1	Асқар Дәулет	2 А	9		Курманалиева Ф.А.
2	Қабидолла Қайсар	2 Ә	10	III	Салимбаева С.К.
3	Дюсеков Кәрім	2 Б	13	I	Айдарбекова С.А.
4	Кенжалина Амира	2 В	12	II	Кожаметова И.И.
5	Мейрманов Арнұр	2 Г	9		Сәтбай А.С.
6	Нығмет Хақназар	2 Д	9		Бабакай С.М.

Қазақ тілі- әдебиеттік оқу пәні бойынша

Рс	Оқушылардың аты-жөні	Сыныбы	Ұпайы	Орны	Сынып жетекшісі
1	Қалибек Ералы	2 А	11	II	Курманалиева Ф.А.
2	Досанова Жамила	2 Ә	9		Салимбаева С.К.
3	Әділхан Аяла	2 Б	11	II	Айдарбекова С.А.
4	Қайрат Амира	2 В	12	I	Кожаметова И.И.
5	Исмагулова айдария	2 Г	9		Сәтбай А.С.
6	Тельман Амина	2 Д	10	III	Бабакай С.М.

Дүниетану пәні бойынша

Рс	Оқушылардың аты-жөні	Сыныбы	Ұпайы	Орны	Сынып жетекшісі
1	Өтеубай Елсүйер	2 А	7	III	Курманалиева Ф.А.
2	Иманали Диар	2 Ә	12	II	Салимбаева С.К.
3	Мұхамбетов абылайхан	2 Б	4		Айдарбекова С.А.
4	Рамазан Айғаным	2 В	5		Кожаметова И.И.
5	Оразбек Сымбат	2 Г	5		Сәтбай А.С.
6	Дастанқызы дияра	2 Д	13	I	Бабакай С.М.

Жаратылыстану пәні бойынша

Рс	Оқушылардың аты-жөні	Сыныбы	Ұпайы	Орны	Сынып жетекшісі
1	Торбеков Амирхан	2 А	12	I	Курманалиева Ф.А.
2	Алибай Бейбарыс	2 Ә	8		Салимбаева С.К.
3	Мейрасбек Даяна	2 Б	9		Айдарбекова С.А.
4	Бейбітқызы Адина	2 В	10	III	Кожаметова И.И.
5	Қасқырбек Аружан	2 Г	10	III	Сәтбай А.С.
6	Ходенова Инкар	2 Д	11	II	Бабакай С.М.



Олимпиада жеңімпаздарын марапаттау сәті

24- қараша күні 2- сыныптар арасында «Мақал- сөздің атасы» сайысы өтті. Бұл сайысты өткізуге Айдарбекова С.А, Курманалиева Ф.А жауапты болды. Сайыс тартысты, қызықты өтті, оқушылар белсене қатысты. Сайыс жоспары жүйелі құрылған. РҮР элементтері қолданылды. Сайысқа әр сыныптан 5 оқушыдан құралған команда қатысты. Сайыста Отан, туған жер, достық, жан- жануарлар, оқу- білім, отбасы тақырыптары қамтылды. Сайыс 6 кезеңнен тұрды.

1. Таныстыру (топ атын мақалмен таныстыру)
2. Тапқыр болсаң, тауып көр! (ұяшық таңдау арқылы мақалдың жалғастыру)
3. Жүйрік болсаң, ойлан тап! (жұмбақты шеше отырып, жауабына сәйкес келетін мақал айту)
4. Ойна да, ойлан! (амалдарды орындау, шыққан мәніне тиісті мақалды айту)
5. Суретті мозайка (мозайканы құрастыру, шыққан жануарға қатысты мақал айту)
6. Кім жылдам! (топ басшыларының сайысы)

Сайыс нәтижесі бойынша «Бас жүлдені» 2 «Г» сыныбы, I орынды 2 «А» сыныбы, II орынды 2 «Д», 2 «Б» сыныптары, ал III орынды 2 «Ә», 2 «В» сыныптары қанжығасына байлады.





Ұсыныс:

1. «РҮР бағдарламасы теориядан практикаға» жаңа форматтағы технологияларды, РҮР элементтерін сабақта жиі қолдану.
2. Тәжірибе алмасу мақсатында сабағы жоғары деңгейде өткен мұғалімдердің сабақтарына өзара қатысу.
3. Осы бағытта жұмысты әрі қарай жүргізіп, жақсы нәтижеге қол жеткізу.

Бірлестік жетекшісі: Курманалиева Ф.А.